


Бекітемін: 
«Еркегтай» бөбөкжай-бакшасы» МКҚК
менгерушісі: Сарпикова А.Б.

Хореография жұмыс жоспары



Музыка жетекшісі: Түгелова
Райханның «Айгөлек!»
тақырыбындағы тандауына

ПІКІР

Қазіргі заманда жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру әлеуметтік құрылымның ең маңызды міндеттерінің біріне айналды.

Мектепке дейінгі мекеме - жан-жақты жетілген тұлғаны тәрбиелеуді көздейді. Ал шығармашылық тәрбиенің негізгі мақсаты мектепке дейінгі балалардың бойында белгілі бір деңгейдегі білім мен шығармашылық дамуының қажетті деңгейін қамтамасыз ету.

Бөбекжайымыздың би үйретушісі Түгелова Райхан «Айгөлек» вариативтік компонентінің алып отырған тақырыптары бала жасына сай және қызықты.

«Өнерге баулуда - өнер»–демекші,бұл өте жақсы алынған тандау.

Бұл тұста би үйретуші балалармен және ата-аналармен бірігіп жұмыс жасау керек.Әр ата-ана өз баласын оқу, өнерге баулу арқылы рухани жан-дүниесін байыта алады. Бөбекжайдағы балаларға өнеге ауадай қажет. Би өнері балаларды еңбекке тәрбиелейді. Түгелова Райхан бүлдіршіндермен жұмыс жасауда өзінің сабырлылығымен, ұқыптылығымен бала жанын түсіне білетіндігімен жақсы қырынан көрініп жүрген жас маман.

Бүлдіршіндерді би қимылдарына үйретіп тәрбиелеуде түрлі музыкалық шығармаларды пайдаланады. Бидің түрлі қимылдарына баулып дене бітімдерінің қалыптасуына аса мән береді.

Нақты қимыл қозғалыстарын ойын жаттығуларымен ұштастырып , жаттығуларға көп көңіл бөледі. Балаларды бидің қимылдарын түсіне отырып, әдемілікті сезінуге баулитын жауапкершілікті жас маман деп пікір білдіремін.

Пікір беруші әдіскер:

Қамысбаева.С

«Айгөлек!» вариативтік компонентінің тақырыптың мазмұны:

Аптасына-1 сағат,барлығы-36сағат	
Ұйымдастыру кезеңі	- 6 сағат
Би қимылдарын үйрену	- 6сағат
Ритмика	- 12 сағат
Би қадамы	- 12 сағат.

Балалардың «Айгөлек» вариативтік компонентіне деген қызығушылықтарын арттыра отырып,балалардың қол және аяқ қимылдары жаттығулары арқылы шығармашылық ойлауларына бағыт-бағдар беру.

Баланың белсенді қимылдауын шығармашылық тұрғыда іске асырып қана қоймай әртүрлі қимыл– қозғалыстар арқылы ерте жаста ырғақты сезіну.

Биді толық нақышына келтіріп орындату,балалардың бұлшық ет пен дене күшейту мен дамыту. Жеткілікті түрде қимыл-қозғалыс дағдысымен қабілетін меңгерумен қатар,жақсы есте сақтауларын,зейіндерін,ұшқыр қиялдарын дамыту. Өнерге деген құлшыныстарын арттыра отарып. Биге деген қабілеттерін икемделуге машықтануға дағдыландыру. Бала бойындағы қасиеттерін биге ынталандыруға тәрбиелеу.

ТҮСІНІК ХАТ

Кіріспе

2023-2024 оқу жылында жалпы оқу жоспары негізінде вариативтік компонент бойынша «Айгөлек» тандауы «Құлыншақ» ортаңғы тобына арналып, аптасына 1 сағат, жылына 36 сағатқа жасалады. Бұл тандауда тәрбиеленушілерге би қимылдары туралы түсінік бере отырып, бүлдіршіндерді әдемілікті сезінуге, еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу және биге деген қызығушылықтарын ояту.

Вариативтік компоненттің өзектілігі:

«Айгөлек» - ой мен мазмұнды музыкалық хореографиялық бейне арқылы ашатын сахналық өнер. «Айгөлек» бағдарламасының басты өзектілігі балалардың назарын әсемдікке аудару, әдемілікке, ұқыптылықпен қарауға үйрету.

«Айгөлек» бағдарламасы балалардың қимыл-қозғалыстарын дамытуға балаларды адамгершілік, еңбекқорлық қасиеттерге баулиды.

Мақсаты:

Қазіргі билер, ұлттық билер бұлардың қай қайсысында тәрбиелік ықпалы мол. Яғни, баланың бойындағы талғам, көзқарастың эстетикалық идеалын қалыптастырып, рухани мәдениетін байытады, білімдік деңгейін жоғарылатады. Би бүлдіршіндердің жарқын келешегінің әсемділік баспалдағы. Бимен айналысқан балалардың бәрі биші болып кетпесе де би арқылы дене мүшесі сұлуланып епті, сергек болып қалыптасады.

Міндеті:

- Сезіну, есту қабілетін дамыту;
- Қимыл-қозғалыс аппараттарынаң жүрек қан айналуымен реттеп, жақсарту;
- Дененің дұрыс бітімін қалыптастыру, дұрыс демалу;
- Музыкалық шығармалардың буын-ырғағын, екпінін, мазмұнын дұрыс түсінуге дайындау;
- Теория және практика жүзінде қозғалысын дұрыс сезіне білу;
- Билеу кезінде би қозғалысы арқылы оның мәнерлігін арттыру.

Тандау құрылымы:

Курстың құрылымы теориялық, практика жүзінде шығармашылық ақыл-ой іс жүзінде көрсете білу, еркін игеруді көздейді

Практикалық маңызы:

-Тәрбиеленушілердің іс-жүзінде би билеу арқылы көрініс табатын қазіргі заманғы өнер мәдениетін теріп қана қоймай, өз бетінше дамытуға қатыстыру болып табылады.

Вариативтік компонентті жүргізудің әдістері:

Оқу іс-әрекетін дәстүрлі, іс жүзінде үйреніп жүзеге асыру, тәрбиеленушінің жетістіктерін бағалау.

Тәрбиеленушілердің меңгеруге тиіс білімдері мен дағдылары

Тәрбиеленушілердің меңгеруге тиіс би мәдениетін, шығармашылығын зерделеуді, өзіндік анықталу мақсатындағы білім-білік дағдылары жинақталған. Бөбекжайда би сабағына 15-20 минут бөлінеді. Жас ерекшелігіне қарай алғашқыда қимылдар үйретіледі. Мәселен көбіне табиғатпен байланысты жапырақтың, қардың, ұшуы, жануарлардың қимылдары қимылмен көрсетіледі, балалар полькасы үйретіледі. Ұл мен қыздың жұптасып билеу дағдылары бойға сіңіріледі. Би сабақтарында қазақы салт-дәстүр үлгісінде тәрбиелеуде ұлттық педагогика бағыттарына да назар аударылады.

Біліктер:

Би өнері-ой мен мазмұнды музыкалық хореографиялық бейне арқылы ашатын сахналық өнердің бір түрі. «Айгөлек» осы курсты іс жүзінде біліктілік мақсатта игеру.

Тәрбиеленушілердің білімін бағалау

Тәрбиеленушінің білімі мен шығармашылығын, көркем ойлап нәтижесін көрсете білгенін бағалап, марапаттау.

Күтілетін нәтиже

Би өнерімен ұлдар мен қыз балалар денесінің сымбаттылығымен, әдемі жүріс-тұрысымен, музыкалық ырғақты ажырата білуімен ерекшеленеді. Би өнерімен айналысу шығармашылық шеберліктердің негізін қалап, өзін-өзі жетілдіруге деген қызығушылығын арттырады.

Тақырыптық жоспар

Айы	Тақырып	Мақсаты	Сағат	Уақыты
Қ Ы Р К Ү Й Е К	Гимнастикалық жаттығу биі	Балаларға гимнастикалық жаттығулар туралы түсінік беру және партерлік жаттығулар жасап көрсету.	2	6.09.2023ж 13.09.2023ж
	Киіз басу биі	«Киіз басу» халық биінің сипатымен мазмұнын түсіндіру. Киіз басу әуенің дұрыс тыңдап, музыкаға еріп отыру би қимылын қалыптастыру. Топпен билейтін би.	2	20.09.2023ж 27.09.2023ж
Қ А З А Н	Жапырақтар биі	Екі қолды жоғары көтеріп, оңға-солға тербелу. Шеңбер бойымен тұрып, оң аяқпен оңға бір қадам жасау, сол аяқты оң аяқтың жанына қою. Керісінше осы қимыл сол аяқтан басталады.	2	4.10.2023ж 11.10.2023ж
	Домбыра биі	Балаларға қазақтың домбырасы киелі аспабымен тәрбиелеуді көрсету, оны қалай ұстауды түсіндіру арқылы топ болып билеуге үйрету.	2	18.10.2023ж 25.10.2023ж
Қ А Р А Ш А	Қаз қатар биі	Балаларға басқада би өнерімен таныстыру және қаз қатар би өнерінің қимыл қозғалысын көрсету. Музыка әуеніне салып билеп көру.	2	1.11.2023ж 8.11.2023ж
	Қол шатыр биі	Биге бірнеше қыз балалар қатысады. Қолдарына қол шатыр ұстап билейді. Бұл биді жұп болыпта билейді.	2	15.11.2023ж. 22.11.2023ж
Ж Е Л Т О Қ С А Н	Салдаттар биі	Балаларға би қимылдарын үйрету арқылы патриотты болуға тәрбиелеу.	2	29.11.2023ж 6.12.2023ж
	Жігіттер биі	Музыка ырғағымен аяқ ұшымен жүруді үйрету.	2	13.12.2023ж 20.12.2023ж

Қ А Ң Т А Р	Ақша қарлар биі	Ақшақар биін балаларға түсіндіру, би элементтерің көрсету.	2	27.12.2023ж 3.01.2024ж
	Әдемі қыздар биі	Биге жұп сандағы бірнеше қыздар қатысады. Топтық қимылдар жасайды.	2	10.01.2024ж 17.01.2024ж
А Қ П А Н	Топтық биі	Балаларға топпен билеу, биін үйрету әртүрлі әуенге би қимылдарын балалар барлығы бірдей етіп жасайды.	2	24.01.2024ж 31.01.2024ж
	«Шарлар» биі	Жай ырғақпен қол және аяқ қимылдарын бірдей қалыпта ұстауға дағдыландыру.	2	7.02.2024ж 14.02.2024ж
Н А У Р Ы З	Қара жорға биі	Ұлдар мен қыздарға басты буын қимылдары (иық, мойын, қол, бел, бөксе) аяқ буындарымен еркін қимылдата билеуді үйрету.	2	21.02.2024ж 28.02.2024ж
	Қамажай биі	Аяқ пен қол қимылдарын жеңіл серпіліс қимылдарға үйрету.	2	6.03.2024ж 13.03.2024ж
С Ә У І Р	Көбелектер биі	Балалар аяқ ұшымен жүгіріп қолды жоғары сермеуге дағдыландыру.	2	20.03.2024ж 27.03.2024ж
	Құстар биі	Құстардың қимылын жасап, балаларға көрсету, қанатын жаю, мойының созу, басын изеу, бәріне би қимылдарын жасап үйрету.	2	3.04.2024ж 10.04.2024ж
М А М Ы Р	«Маршпен жүру» биі	Бірінің артынан бірі және орнында тұрып, маршпен жүруді үйрету.	2	17.04.2024ж 24.04.2024ж
	«Вальс» биі	Бір орында тұрып оңға, солға тербелу, Қол ұстатқан күйде оң аяқпен оңға бір қадам жасап, сол аяқты жанына қояды. Осы қимыл керісінше сол аяқтан басталады. Қол ұстасқан күйде қолдарын екі жаққа созады жұптасып айналады. Алға артқа адымдау бір орынында айналу.	2	15.05.2024ж 22.05.2024ж
			36 сағат	

Тәрбиешіге ұсынылатын әдебиеттер:

- 1.Отбасы және балабақша журналы №1 2013ж
- 2.Би өнері әлемінде 2010ж
- 3.Би өнері әлемінде 2011ж
- 4.Би өнері әлемінде 2012ж

Бүлдіршіндерге ұсынылатын әдебиеттер:

- 1.Отбасы және балабақша журналы №1 2013ж
- 2.Би өнері әлемінде 2010ж
- 3.Би өнері әлемінде 2011ж
- 4.Би өнері әлемінде 2012ж